

**"Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 наурызда № 14920 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.05.2020 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13717 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 23 мамырда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі*

*А. Мырзахметов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2017 жылғы 17 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 22 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 23 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 15 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы

министрінің  
2017 жылғы 13 ақпандағы  
№ 65 бұйрығымен  
бекітілген  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2016 жылғы 5 мамырдағы  
№ 204 бұйрығымен  
бекітілген

## **Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу үшін пайдаланылған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші – биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды өндіруді және (немесе) биоагенттерді (энтомофагтарды) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген биопрепараттарды өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2) биопрепараттың, биоагенттің (энтомофагтың) ең төменгі құны (баға ұсынысы) – тиісті жылға арналған субсидиялау нормасын белгілеу үшін баға ұсыныстарын талдау арқылы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы айқындайтын, биопрепараттың, биоагенттің (энтомофагтың) Қазақстан Республикасы аумағында қалыптасқан ең төменгі нарықтық бағасы;

3) гербицидтерді жеткізуші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген гербицидтерді өндіруді (формуляциялауды) және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) гербицидтің немесе сол тектестің ең төменгі құны (баға ұсынысы) – тиісті жылға арналған субсидия нормасын белгілеу үшін баға ұсыныстарын талдау арқылы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы айқындайтын, гербицидтің немесе құрамы мен әрекет етуші затының (заттарының) концентрациясы бойынша оған тектестің (тектестердің) Қазақстан Республикасы аумағында қалыптасқан ең төменгі нарықтық бағасы;

5) отандық өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруші (бұдан әрі – ӨҚК өндіруші) – Қазақстан Республикасы аумағында гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды өндіруді жүзеге асыратын және арнайы жарақтандырылған өндірістік жайлары, биозертханалары, биофабрикалары бар, биоагенттерді (энтомофагтарды) және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген гербицидтер мен биопрепараттарды өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) өсімдіктерді қорғау құралдары (бұдан әрі – ӨҚК) – өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар;

7) субсидия – өсімдіктерді қорғау мақсатында ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын, жер учаскесін (учаскелерін) өңдеуге пайдаланылған ӨҚК құнын өтеу.

3. ӨҚК сатып алу жөніндегі шығындарды өтеуге арналған субсидияларды төлеу жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

4. Гербицидтердің 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормасы олардың құрамы мен әрекет етуші затының (заттарының) концентрациясына қарай абсолютті мәнде (теңге) белгіленеді. Құрамы мен әрекет етуші затының (заттарының) концентрациясы бойынша тектесі (тектестері) бар гербицидтің 1 литріне (килограммына) арналған субсидия нормасы гербицидтің немесе оған тектестің ең төменгі құнының (баға ұсынысының) жартысынан аспайтын соманы құрайды. Құрамы мен әрекет етуші затының (заттарының) концентрациясы бойынша тектесі (тектестері) жоқ гербицидтің 1 литріне (килограммына) арналған субсидия нормасы тиісті гербицидтің ең төменгі құнының (баға ұсынысының) жартысынан аспайтын соманы құрайды.

Олар бойынша субсидиялар нормасы белгіленетін гербицидтер тізбесі, сондай-ақ олардың құрамы мен әрекет етуші затының (заттарының) концентрациясы "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне (бұдан әрі – Пестицидтердің (улы химикаттардың) тізімі) сәйкес айқындалады.

Сатып алынған биопрепараттардың, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 грамына (данасына) арналған субсидиялар нормасы абсолютті мәнде (теңге) тиісті биопрепараттың, биоагенттің (энтомофагтың) ең төменгі құнының (баға ұсынысының) 40 %-нан (қоса алғанда) асырылмай белгіленеді.

5. Субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесі және белгіленетін субсидиялар нормасын негіздейтін құжаттарды (субсидиялауға жататын ӨҚҚ түрлерінің көлемдері бойынша есептеулерді және өтінім берілген ӨҚҚ тиісті түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын жеткізушілердің баға ұсыныстарын) қоса бере отырып, 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялар нормалары екі данада облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің орынбасары қол қойған ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) мақұлдауға ұсынылады.

Министрліктің субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесін және субсидиялар нормаларын қарау мерзімі хат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

Оң шешім қабылданған жағдайда Министрлік субсидияланатын ӨҚҚ тізбесінің және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялар нормаларының бір данасын тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады.

Теріс шешім қабылданған жағдайда Министрлік субсидияланатын ӨҚҚ тізбесінің және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялар нормаларының екі данасын да мақұлдаудан дәлелді бас тартуы бар хатпен кері қайтарады. Бұл ретте пысықталған субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесі және субсидиялар нормалары бес жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта қарауға жіберіледі.

Субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың нормалары Министрлікпен мақұлданғаннан кейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен (бұдан әрі – қаулы) бекітіледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы қаулыны мемлекеттік тіркеуді жүргізгеннен және тиісті интернет-ресурста орналастырғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Министрлікті оның орналастырылғаны туралы хабардар етеді.

Субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесіне және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялар нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қағидалардың осы тармағының бірінші – алтыншы бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Министрлік қаулыны оның бұрын мақұлданған субсидияланатын ӨҚҚ түрлерінің тізбесіне және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) субсидиялардың нормаларына сәйкестігі тұрғысынан салыстырып тексереді.

6. Облыстың (бұдан әрі – облыс басқармасы), республикалық маңызы бар қаланың, астананың (бұдан әрі – қала басқармасы) жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқармасы оны бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде ӨҚҚ құнын субсидиялау жөніндегі жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарын тиісті интернет-ресурста орналастырады.

## **2-тарау. Субсидияларды алушылар**

7. Субсидиялар:

1) гербицидтерді ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алуға кеткен шығындарын өтеу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді жүзеге асыратын және осы Қағидалардың 8-тармағының 2) тармақшасының талаптарына сай келетін ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге;

2) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды ағымдағы жылы сатып алуға кеткен шығындарын өтеу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге;

3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге оларды арзандатылған құны бойынша өткізу шартымен ӨҚҚ өндірушілерге төленеді.

## **3-тарау. Субсидияларды алу шарттары**

8. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация):

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынған гербицидтерге субсидиялар алуға өтінім;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидиялар алуға өтінім беруі.

ӨҚҚ-ны арзандатылған құны бойынша ӨҚҚ өндірушіден шарт негізінде сатып алған кезде, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды арзандатылған құны бойынша ӨҚҚ

өндірушіден сатып алған кезде тиесілі субсидияларды ӨҚҚ өндіруші пайдасына төлеу туралы өтінім (бұдан әрі – тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім) береді. Мұндай жағдайда, субсидия ӨҚҚ өндірушіге төленеді.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өтінімді немесе тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді алғашқы рет берген, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші және (немесе) ӨҚҚ өндіруші банк деректемелерін, жеке деректерін немесе заңды тұлғаның деректерін өзгерткен жағдайда, өтінімге немесе тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімге Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 189-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.

Өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді қабылдау кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі;

2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіде жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің (учаскелерінің) болуы.

#### **4-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі**

9. Субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өтінім берген ӨҚҚ түрлері мен көлемдерін негізге ала отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = Np \times S \times Nc, \text{ мұнда}$$

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

Np – гербицидтің, биопрепараттың 1 гектарға (литр/гектар, килограмм/гектар) шығыс нормасы (Пестицидтердің (улы химикаттардың) тізімінде көрсетілген қолдану нормаларын ескере отырып) немесе биоагенттің (энтомофагтың) 1 гектарға (грамм/гектар, дана/гектар) шығыс нормасы (Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған ғылыми негізделген қолдану нормаларын ескере отырып);

S – ӨҚҚ қолдану алаңы (гектар);

Nc – ӨҚҚ субсидиясының нормасы (осы Қағидалардың 4 және 5-тармағына сәйкес айқындалады).

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші субсидия нормасы есептелген ӨҚҚ құнынан төмен ӨҚҚ-ға өтінім берген жағдайда субсидиялар нормасы сатып алынған ӨҚҚ-ның нақты құнынан есептеледі.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші субсидия нормасы есептелген ӨҚҚ құнынан жоғары ӨҚҚ-ға өтінім берген жағдайда, субсидиялар бекітілген субсидия нормасы есептелген ӨҚҚ құны бойынша төленеді.

## **5-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі**

10. Өтінімдерді және тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдерді қабылдау тиісті жылдың 1 наурызында басталады және 10 желтоқсанында аяқталады.

11. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім), қала басқармасы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өтінім және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді;

2) осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексереді, сондай-ақ Осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ӨҚҚ өндіруші ұсынатын ӨҚҚ нақты өткізу көлемдері жөніндегі тізілімде (бұдан әрі – Тізілім) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бар-жоғын анықтайды.

12. Бөлім өтінімді немесе тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексеруді аяқтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде:

1) облыс басқармасына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қолы қойылған мақұлданған өтінімдердің тізімін және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

2) ӨҚҚ өндірушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

3) өтінімнің және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімнің мақұлданғаны туралы не субсидияларды ұсынбау себептерін көрсете отырып, өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді қайтару туралы ауыл шаруашылығы тауар өндірушіні жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте бөлім, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны ұсынудан бас тарту себептерін көрсете отырып, ӨҚҚ-ға субсидиялар ұсынуда теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін жасайды және оны ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін облыс басқармасына ұсынады.

Субсидияларды ұсынуда теріс шешім қабылдау "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (



бұдан әрі – Заң) 19-1- бабы 2-тармағында белгіленген негіздер бойынша жүргізіледі.

13. Облыс басқармасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақұлданған өтінімдер тізімі және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақұлданған тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер тізімі келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің немесе ӨҚҚ өндірушілердің шоттарына субсидияларды аудару үшін төлеуге төлем құжаттарын ұсынады.

Сонымен бір мезгілде облыс басқармасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақұлданған өтінімдердің тізімін, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӨҚҚ-ға субсидияларды ұсынуда теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін жасайды және оны тиісті интернет-ресурста орналастырады.

14. ӨҚҚ өндіруші тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімі келіп түскеннен кейін ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде бөлімге, қала басқармасына, облыс басқармасына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өсімдіктерді қорғау құралдарын нақты өткізу көлемдері бойынша тізілімді ұсынады.

15. Қала басқармасы өтінім мен тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді тексеруді аяқтағаннан кейін:

1) ӨҚҚ өндірушіге бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін жолдайды;

2) бір жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді мақұлдағаны туралы, не субсидияларды ұсынбау себептерін көрсете отырып, өтінімді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді қайтару туралы жазбаша хабардар етеді;

3) екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің немесе ӨҚҚ өндірушілердің шоттарына субсидияларды аудару үшін төлеуге төлем құжаттарын жолдайды.

Сонымен бір мезгілде қала басқармасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақұлданған өтінімдердің тізімін, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімін және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӨҚҚ-ға субсидияларды ұсынуда теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін жасайды және оны тиісті интернет-ресурста

орналастырады. Бір жұмыс күні ішінде ӨҚҚ өндірушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдер тізімін жолдайды.

Субсидияларды ұсынуда теріс шешім қабылдау Заңның 19-1-бабы 2-тармағында белгіленген негіздер бойынша жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес тексеру нәтижелері бойынша мақұлданған өтінімдер және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу үшін қаражат жетіспеген жағдайда, мұндай өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу келесі қаржы жылында берілген өтінімдерді және (немесе) тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдерді қарау басталғанға дейін, олардың келіп түсу күніне сәйкес кезектілік бойынша келесі қаржы жылы басым тәртіппен жүзеге асырылады.

## **6-тарау. Субсидиялау жөніндегі есептілік**

16. Облыс басқармасы (қала басқармасы) ағымдағы жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде Министрлікке:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гербицидтерге арналған субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты;

2) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға арналған субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты;

3) субсидиялар ұсынбау себептерін көрсете отырып, ӨҚҚ-ға субсидиялар ұсынуда теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер туралы ақпаратты ұсынады.

ӨҚҚ-ға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдіктерінің интернет-ресурстарында ағымдағы жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмей орналастырылады.

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы  
дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

(облыстың, облыстық маңызы бар қаланың, ауданның, астананың,

республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

### Сатып алынған гербицидтерге субсидиялар алуға өтінім

Маған \_\_\_\_\_ литр (килограмм) көлемінде

,

(гербицидтердің түрі)

\_\_\_\_\_ литр (килограмм) көлемінде

,

(гербицидтердің түрі)

\_\_\_\_\_ литр (килограмм) көлемінде

,

(гербицидтердің түрі)

өсімдіктерді қорғау үшін ағымдағы жылы қолданған, гербицидтерді жеткізушіден толық

құны бойынша сатып алған гербицидтер үшін субсидия төлеуді сұраймын.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (жеке кәсіпкер)	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		кім берді	
		берілген күні	
		жеке сәйкестендіру нөмірі	
		бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	

3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама**	орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы	
4.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі /жеке сәйкестендіру нөмірі	
		актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаң, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы			
5.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының анықтамасы	жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		бенефициар коды	
		банктің немесе почта операторының деректемелері: банктің немесе почта операторының атауы:	
		бизнес сәйкестендіру коды	
		жеке сәйкестендіру коды	
		бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		бенефициар коды	
6.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен гербицидтерді жеткізуші арасындағы сатып алу-сату шарты***	шарт нөмірі	
		шарт жасалған күні	
		гербицидтерді жеткізушінің атауы	
		гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		гербицидтің атауы	
		гербицидтің көлемі, литр (килограмм)	
		төлеу мерзімі	
		шот-фактура нөмірі	
		берілген күні	
		гербицидтерді жеткізушінің атауы	

7.	Гербицидтерді сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сәтке) төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары)***	гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		гербицидтерді жеткізушінің жеке сәйкестендіру коды	
		тауарлық-көліктік жүкқұжатының нөмірі	
		гербицидтің атауы	
		өлшем бірлігі	
		мөлшері (көлемі)	
		1 литрге (килограммға) қосымша құн салығымен бағасы (теңге)	
		барлық өткізу бағасы	
8.	Жүк - кедендік декларация (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден гербицидтерді шетелдік гербицидтер өндірушілерінен тікелей сатып алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін)***	Нөмірі	
		берілген күні	
		гербицидтерді жеткізушінің атауы	
		гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
9.	Салық органы берген, тауардың Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен әкелінгенін растайтын құжат***	нөмірі	
		берілген күні	
		гербицидтерді жеткізушінің атауы	
		гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
10	Сәйкестік сертификаты (сатып алынған, Қазақстан Республикасында өндірілген гербицидтерге)***	сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сертификаттың нөмірі	
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шыққан елі)	
		өтінім беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	
11	Шығу тегі сертификаты / талдау сертификаты (гербицидтерді өндірушіге / шетелдік гербицидтерге)***	экспорттаушы / жүк жөнелтуші	
		импорттаушы / жүк алушы	
		тауардың атауы	
		сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сертификаттың нөмірі	
		берілген күні мен орны	
12	Гербицидтерді жеткізушілердің мемлекеттік лицензиясы (пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және (немесе) өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға)***	лицензияның нөмірі	
		толық атауы	
		орналасқан жері	
		лицензияның түрі	
		кіші қызмет түрінің (әрекет) атауы	

		кім берді	
		берілген күні	
13	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің мәліметтері*** *	себу ауданының атауы	
		дақыл	
		дақылды себу алаңы	
		сүрі жер алаңы	

Ескертпе:

\*өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін талап етуге жол берілмейді;

\*\*жоғарыда баяндалған кестенің 3-жолында көрсетілген мәліметтер субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады;

\*\*\*көрсетілген құжаттардағы мәліметтер гербицидтің әрбір түріне толтырылады;

\*\*\*\*жоғарыда баяндалған кестенің 13-жолында көрсетілген мәліметтер гербицидтерді сүрі танапта қолданылған кезде толтырылмайды.

### Гербицидтерге тиесілі субсидияларды есептеу

№	Ауыл шаруашылығы дақылының немесе сүрі жердің атауы	Алаңы , (Гектар )	Гербицидтің сауда атауы	Гербицидті өндіруші (отандық / шет елдік)	Гербицидті 1 гектарға қолдану нормасы (литр / гектар, килограмм / гектар)	Гербицидті қолдану алаңы, (Гектар)
1	2	3	4	5	6	7
ЖИЫНЫ:						

#### Кестенің жалғасы

Гербицидтің мөлшері (литр, килограмм)	1 литр, килограмм гербицидті сатып алу бағасы (теңге)	Гербицидтердің құны (теңге)	1 литрге/ килограмға арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)
8	9	10	11	12

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным

үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын

және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда))

Бас бухгалтер (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын  
қуәландыратын құжатта бар болған жағдайда))

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінім 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутта қарастыруға қабылданды

\_\_\_\_\_ (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)

(бар болған жағдайда),

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы  
дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_,  
(облыстың, облыстық маңызы бар қаланың, ауданның,

\_\_\_\_\_  
астананың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы  
органының толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болған жағдайда)

**Өсімдіктерді қорғау үшін толық құны бойынша сатып алынған  
биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидияларды  
алуға өтінім**

Маған \_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр)  
көлемінде,

(биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері)

\_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр)  
көлемінде,

биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері)

\_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр)  
көлемінде

(биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері)

өсімдіктерді қорғау үшін ағымдағы жылы биоагенттерді (энтомофагтарды)  
және

биопрепараттарды жеткізушіден толық құны бойынша сатып алған  
биоагенттер

(энтомофагтар) және биопрепараттар үшін субсидия төлеуді сұраймын.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (жеке кәсіпкер)	актінің нөмірі	
		жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		кім берді	
		берілген күні	
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама**	жеке сәйкестендіру нөмірі	
		кім берді	
		берілген күні	
		жеке сәйкестендіру нөмірі	
		бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы			
субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі			



4.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаң, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
5.	Биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің ағымдағы шотының бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почталық оператордың анықтамасы	сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі	
		бенефициар коды	
		банктің немесе почта операторының деректемелері: банктің немесе почта операторының атауы:	
		бизнес сәйкестендіру коды	
		жеке сәйкестендіру коды	
		бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		бенефициар коды	
6.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші арасындағы сатып алу-сату шарты***	шарт нөмірі	
		шарт жасалған күні	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы	
		биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың көлемі, грамм (дана)	
		төлеу мерзімі	
		шот-фактура нөмірі	
		берілген күні	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және	

7.	Биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сәтке) төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары)***	биопрепараттарды жеткізушінің атауы	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің жеке сәйкестендіру коды	
		тауарлық-көліктік жүкқұжатының нөмірі	
		биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы	
		өлшем бірлігі	
		мөлшері (көлемі)	
		1 литрге (килограммға) қосымша құн салығымен бағасы (теңге)	
8.	Жүк - кедендік декларация (биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды шетелдік өндірушілерден тікелей сатып алған ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін)***	барлық өткізу бағасы	
		нөмірі	
		берілген күні	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы	
9.	Салық органы берген, тауардың Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен әкелінгенін растайтын құжат***	биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		нөмірі	
		берілген күні	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы	
		биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы	
		сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сертификаттың нөмірі	

10	Сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында өндірілген, сатып алынған биопрепараттарға)***	сәйкестендірілген өнім ( атауы, шыққан елі)	
		өтінім беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	
11	Шығу тегі сертификаты / талдау сертификаты ( биопрепараттарды өндірушіге / шетелдік биопрепараттарға)***	экспорттаушы / жүк жөнелтуші	
		импорттаушы / жүк алушы	
		тауардың атауы	
		сертификаттың қолданылу мерзімі	
12	Биопрепараттарды жеткізушілердің мемлекеттік лицензиясы ( пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және (немесе) өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға)***	сертификаттың нөмірі	
		берілген күні мен орны	
		лицензияның нөмірі	
		толық атауы	
		орналасқан жері	
13	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің мәліметтері****	лицензияның түрі	
		кіші қызмет түрінің ( әрекет) атауы	
		кім берді	
		себу ауданының атауы	
		дақыл	
		дақылды себу алаңы	
		сүрі жер алаңы	

Ескертпе:

\*өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін талап етуге жол берілмейді;

\*\*жоғарыда баяндалған кестенің 3-жолында көрсетілген мәліметтер субсидия тиесілі ауыл шаруашылығы кооперативінің әр мүшесіне толтырылады;

\*\*\*көрсетілген құжаттардағы мәліметтер биоагенттің (энтомофагтың) және биопрепараттың әрбір түріне толтырылады;

\*\*\*\*жоғарыда баяндалған кестенің 13-жолында көрсетілген мәліметтер биопрепаратты сүрі танапқа енгізген кезде толтырылмайды.

### Биоагенттерге (энтомофагтарға) тиесілі субсидияларды есептеу

№	Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы ( гектар )	Биоагенттердің ( энтомофагтардың ) түрлері	Биоагентті (энтомофагты) 1 гектарға қолдану нормасы (грамм / гектар, дана / гектар)	Биоагентті ( энтомофагты) қолдану алаңы, ( гектар)
1	2	3	4	5	6
ЖИЫНЫ:					

### Кестенің жалғасы

Биоагенттің (энтомофагтың) мөлшері (дана, грамм)	1 литр, килограмм биоагентті (энтомофагты) сатып алу бағасы(теңге)	Биоагенттің (энтомофагтың) құны (теңге)	1 граммға/данаға арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)
7	8	9	10	11

### Биопрепараттарға тиесілі субсидияларды есептеу

№	А у ы л шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы, (гектар)	Биопрепараттың сауда атауы	Биопрепаратты 1 гектарға қолдану нормасы (литрге / гектар, килограммға/ гектар)	Биопрепаратты қолдану алаңы, ( гектар)
1	2	3	4	5	6
ЖИЫНЫ:					

### Кестенің жалғасы

Биопрепараттың мөлшері (литр, килограмм)	1 литр, килограмм биоагентті сатып алу бағасы (теңге)	Биопрепараттың құны (теңге)	1 литрге / килограммға арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)
7	8	9	10	11

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным

үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын

және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар

болған жағдайда)

Бас бухгалтер (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда)

20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Өтінім 20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат\_\_ минутта қарастыруға қабылданды

\_\_\_\_\_ (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_ (қолы)

(бар болған жағдайда),

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы  
дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (облыстың, облыстық маңызы бар қаланың, ауданның,

\_\_\_\_\_ астананың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы  
\_\_\_\_\_ органының толық атауы)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің

\_\_\_\_\_ аты (бар болған жағдайда)

**Гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде тиесілі субсидияларды өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушінің пайдасына төлеу туралы өтінім**

Осымен \_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр) көлемінде,  
(гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың түрлері)

\_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр)  
көлемінде,

(гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың түрлері)

\_\_\_\_\_ (дана, грамм, килограмм, литр)  
көлемінде,

(гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері)

биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды отандық өндірушіден (бұдан әрі –

ӨҚҚ өндіруші) гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды

арзандатылған құны бойынша сатып алғанымды және оларды өсімдіктерді қорғау үшін

ағымдағы жылы қолданғанымды мәлімдеймін және маған тиесілі субсидияларды

(отандық өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушінің атауы)

ӨҚҚ өндірушіге аударуды сұраймын.

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		актінің нөмірі	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (жеке кәсіпкер)	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		кім берді	
		берілген күні	
		жеке сәйкестендіру нөмірі	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаң, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	

4.	ӨҚҚ өндірушінің ағымдағы шотының бар-жоғы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының анықтамасы	жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі бенефициар коды банктің немесе почта операторының деректемелері: банктің немесе почта операторының атауы: бизнес сәйкестендіру коды жеке сәйкестендіру коды бизнес сәйкестендіру нөмірі бенефициар коды	
5.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруші арасындағы сатып алу-сату шарты**	шарт нөмірі шарт жасалған күні ӨҚҚ өндірушінің атауы ӨҚҚ өндірушінің орналасқан жерінің мекенжайы гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың көлемі, литр, килограмм, грамм дана төлеу мерзімі	
6.	Гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген сәтке) төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары)**	шот-фактура нөмірі берілген күні ӨҚҚ өндірушінің атауы ӨҚҚ өндірушінің орналасқан жерінің мекенжайы ӨҚҚ өндірушінің жеке сәйкестендіру коды тауар-көлік жүкқұжатының нөмірі гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы өлшем бірлігі мөлшері (көлемі) 1 литрге (килограммға) қосымша құн салығымен бағасы (теңге)	

		барлық өткізу бағасы	
7.	Сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында өндірілген, сатып алынған гербицидтерге биопрепараттарға) *	сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сертификаттың нөмірі	
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шыққан елі)	
		өтінім беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	
8.	Гербицидтерді, биопрепараттарды өндірушілерге арналған гербицидтерді, биопрепараттарды өндірушілердің мемлекеттік лицензиясы (пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және (немесе) өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға) **	лицензияның нөмірі	
		толық атауы	
		орналасқан жері	
		лицензияның түрі	
		кіші қызмет түрінің (әрекет) атауы	
		кім берді	
9.	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің мәліметтері***	себу ауданының атауы	
		дақыл	
		дақылды себу алаңы	
		сүрі жер алаңы	
10	Заңды тұлға (ӨҚҚ өндіруші) үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	бизнес сәйкестендіру нөмірі	
		тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
11	Жеке тұлға (ӨҚҚ өндіруші) үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		кім берді	
		берілген күні	
		жеке сәйкестендіру нөмірі	
	Жеке тұлға (ӨҚҚ өндіруші) – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	орналасқан жері	
		тіркеу күні	
		кім берді	

**Ескертпе:**

\* өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін талап етуге жол берілмейді;

\*\* көрсетілген құжаттардағы мәліметтер биоагенттің (энтомофагтың) және биопрепараттың әрбір түріне толтырылады;

\*\*\* жоғарыда баяндалған кестенің 9-жолында көрсетілген мәліметтер гербицидтерді, биопрепараттарды сүрі танапта қолданған кезде толтырылмайды.



## Гербицидтерге тиесілі субсидияларды есептеу

№	Ауыл шаруашылығы дақылының немесе сүрі жердің атауы	Алаңы (гектар)	Гербицидтің саудадағы атауы	Гербицид өндірісі	Гербицидті 1 гектарға қолдану нормасы (литр / гектар, килограмм / гектар)	Гербицидті қолдану алаңы (гектар)
1	2	3	4	5	6	7
ЖИЫНЫ:						

### Кестенің жалғасы

Гербицидтің мөлшері (литр, килограмм)	1 литр, килограмм гербицидті сатып алу бағасы (теңге)	Гербицидтің құны (теңге)	1 литрге/ килограмға арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)
8	9	10	11	12

## Биоагенттерге (энтомофагтарға) тиесілі субсидияларды есептеу

№	Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы (гектар)	Биоагенттің (энтомофагтың) түрі	Биоагентті (энтомофагты) 1 гектарға қолдану нормасы (грамм / гектар, дана / гектар)	Биоагентті (энтомофагты) қолдану алаңы, (гектар)
1	2	3	4	5	6
ЖИЫНЫ:					

### Кестенің жалғасы

Биоагенттің (энтомофагтың) мөлшері (дана, грамм)	1 литр, килограмм биоагентті (энтомофагты) сатып алу бағасы (теңге)	Биоагенттің (энтомофагтың) құны (теңге)	1 грамм /данаға арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)
7	8	9	10	11

## Биопрепараттарға тиесілі субсидияларды есептеу

№	Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы, (гектар)	Биопрепараттың сауда атауы	Биопрепаратты 1 гектарға қолдану нормасы (литр / гектар, килограмм / гектар)	Биопрепаратты қолдану алаңы, (гектар)
1	2	3	4	5	6
ЖИЫНЫ:					

### Кестенің жалғасы

Биопрепараттың мөлшері (литр, килограмм)	1 литр, килограмм биопрепаратты сатып алу бағасы (теңге)	Биопрепараттың құны (теңге)	1 литр /килограмм арналған субсидиялау нормасы (теңге)	Тиесілі субсидиялар сомасы (теңге)



		өндірушінің атауы	/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	шартының күні, №	құралының түрі	, грамм, дана)	литр, килограмм, грамм, дана )	жөнелтілім )	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Аудан, республикалық маңызы бар қала,  
астана әкімі \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

20\_\_жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы  
дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

### Тиесілі субсидияларды төлеу туралы мақұлданған өтінімдердің тізімі

№	Аудандар атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	Сатып алу-сату шартының күні, №	Өсімдіктерді қорғау құралының түрі	Өлшем бірлігі (литр, килограмм, грамм, дана)	Сатып алынатын өсімдіктерді (қорғау құралдары көлемі (литр, килограмм, грамм, дана )	Межелі пункті (жөнелтілім )	Дақыл	1 ге би эн па ш но ли ки ге ге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Аудан, республикалық маңызы бар қала,  
астана әкімі \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

20\_\_жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
 ауыл шаруашылығы  
 дақылдарын өңдеуге арналған  
 гербицидтердің, биоагенттердің  
 (энтомофагтардың) және  
 биопрепараттардың құнын  
 субсидиялау қағидаларына  
 6-қосымша  
 Нысан

**Өсімдіктерді қорғау құралдарына субсидиялар ұсынуда теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесі**

№	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі /жеке сәйкестендіру нөмірі	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өтінімін қабылдау күні	Субсидиялар ұсынбау себептері	Субсидиялар ұсынбау туралы хабарламаның нөмірі мен күні	Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі маманының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны						

Аудан, республикалық маңызы бар қала,  
 астана әкімі \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны (болған жағдайда)

20\_\_жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
 ауыл шаруашылығы  
 дақылдарын өңдеуге арналған  
 гербицидтердің, биоагенттердің  
 (энтомофагтардың) және  
 биопрепараттардың құнын  
 субсидиялау қағидаларына  
 7-қосымша  
 Нысан

**Өсімдіктерді қорғау құралдарын нақты өткізу көлемдері бойынша тізілім**

\_\_\_\_\_ (жеткізушінің атауы)

				Жасалған шарттар	1 литр, килограмм,	Тиеп жөнелтіл мөлшері

№	Гербицид, биоагент (энтомофаг) және биопрепарат атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Өлшем бірлігі (литр, килограмм, грамм, дана)	Сатып алу - сату шартының күні, №	Көлемі (литр, килограмм, грамм, дана)	грамм, дана құны (теңге, 1 литрге, килограмға, грамға, данаға тиесілі субсидиялар нормасын шегеріп тастағанда)	көлемі (литр, килограмм, грамм, дана)	субсидия сомасы теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе: көрсетілген тізілімге сапасыз тауарды жеткізу себебі бойынша не басқа себептер бойынша сатып алу-сату шартын орындаудан бас тартқан және сатып алынған гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар үшін ақшалай қаражатты қайтаруды талап еткен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қосылмайды.

### Өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушінің деректемелері

Мәліметтер	Деректер
жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	
бенефициар коды	
банктің немесе почта операторының деректемелері:	
банктің немесе почта операторының атауы:	
бизнес сәйкестендіру коды	
жеке сәйкестендіру коды	
бизнес сәйкестендіру нөмірі	
бенефициар коды	

Өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруші (бірінші басшы)

\_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда))

Өсімдіктерді қорғау құралдарын өндірушінің бас бухгалтері

\_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болған жағдайда))

Мөр орны (болған жағдайда)

20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы

дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жылы гербицидтерге субсидияларды пайдалану туралы жиынтық  
ақпарат

\_\_\_\_\_ КОЛДАНЫЛАТЫН

гербицидтер

(ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы)

№	Аудан атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	Гербицидтің сауда атауы	Жергілікті бюджетте бекітілген субсидиялар сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6
	ЖИЫНЫ :				

Кестенің жалғасы

Төленген субсидиялар сомасы (теңге)	Пайдаланылған гербицидтердің мөлшері (литр, килограмм)	субсидияланған мөлшері (литр, килограмм)	Гербицидтерді қолдану нормасы (литр, килограмм)	Дақыл	Субсидиялау шеңберінде өңделген алаң (гектар)
7	8	9	10	11	

\_\_\_\_\_ облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың  
жергілікті

атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқарма басшысы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны (болған жағдайда)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауыл шаруашылығы  
дақылдарын өңдеуге арналған  
гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
9-қосымша

**\_\_\_\_\_ облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша \_\_\_\_\_ жылы биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға арналған субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат**

Оларға қарсы биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар қолданылатын зиянды организм атауы \_\_\_\_\_

№	Аудан атауы	А у ы л шаруашылығы та у а р ы н өндірушінің атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	Биоагенттің (энтомофагтың) және биопрепараттың атауы	( Жергілікті бюджетте бекітілген субсидиялар сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6
	ЖИЫНЫ :				

**Кестенің жалғасы**

Төленген субсидиялар сомасы (теңге)	Пайдаланылған субсидияланған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың мөлшері (грамм, дана, литр, килограмм)	Биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды қолдану нормасы (грамм, дана, литр, килограмм)	( Дакыл	Субсидиялау шеңберінде өңделген алаң (гектар)
7	8	9	10	11

\_\_\_\_\_ облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқарма басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_